

М.З. Аширов, У.М. Датхаев, Қ.С. Жакипбеков, Н.А. Рахымбаев, Б.Р. Абдрахманова  
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ КҮЙІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРЫНА МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ

Ресми ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстандағы және басқа елдердегі күйікке қарсы дәрілік препараттар нарығына салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы өндірісіндегі күйікке қарсы дәрілік қалыптардың ассортиментін кеңейту қажеттілігі көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** фармацевтикалық нарық, дәрілік заттар ассортименті, Мемлекеттік реестр, күйік

**Кіріспе.** Қазіргі таңда күйік шалу таралуы бойынша жол - көлік оқиғалары, құлау және зорлық секілді кең таралған жарақат түрлерінен кейінгі 4 орынды алып отыр. ДДҰ мәліметі бойынша күйік алу нәтижесінде медициналық көмекке жүгінетіндер саны жылына 6 миллионды құрайды [1].

Термиялық зақымдалудан 100 мыңға жуық зардап шегушілер стационарлық жағдайында ем қабылдайды, соның ішінде 40-46% қатты күйік шалғандар. 15-17% жағдайда күйік шалу көлемі 3Б-4 деңгейінде болған науқастар саны 20% құрайды [2]. Дененің терең күйігі кезінде госпитальдық өлім - жітім шамамен 8,7% құрайды, күйікке шалдыққан науқастарды емдеуге арналған төсектің орташа айналымы - 11,9% [3].

Күйік шалу кезіндегі жаралы тыртықтың дамуы мен ішкі органдар тарапынан асқынулар салдарынан 1-2,3% науқастар мүгедек болады, ал терең күйік алған науқастардың 40%-ға жуығы одан әрі қайта қалпына келтіру операцияларын қажет етеді. Науқастардың үштен бірінен астамы еңбекке қабілетті жастағы адамдар болып табылады, бұл күйікке қарсы дәрілік препараттардың Қазақстандық нарығына зерттеу жүргізудің жоғары әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын айқындайды [4].

**Мақсаты.** Күйік шалу кезінде қолданылатын дәрілік заттар нарығын талдау.

**Материалдар мен әдістер.** Бастапқы деректер ретінде контент-талдау барысында алынған дәрілік заттардың мемлекеттік реестрдің ақпараттық көздері пайдаланылды <http://dari.kz>.


Зерттеу әдісі ретінде контент-талдау, құрылымдық салыстыру, графикалық, маркетингтік және математикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы және оның сегменті "D дерматологиялық препараттар" тобы ұсынған күйікке қарсы дәрілік препараттар нарығы болып табылады.

**Нәтижелер және нәтижелерді талқылау** 11.10.2017ж. мәлімет бойынша Мемлекеттік реестрде барлығы 8070 дәрілік препараттар атауы тіркелген. ҚР мемлекеттік реестрінің деректері негізінде сыртқа қолдануға арналған күйікке қарсы дәрілік препараттардың фармацевтикалық нарығының номенклатурасына жүргізілген контент-талдаудың нәтижесінде АТХ бойынша D тобына тіркелген дәрілік препараттардың жалпы саны - 3,9% (321 атау) құрайтыны анықталды.

"D дерматологиялық препараттар" тобы 6 топшамен ұсынылған:


1. D02 Жұмсартатын және қорғайтын әсері бар препараттар.
2. D03 Жаралар мен ойық жараларды емдеуге арналған препараттар.
3. D06 Тері ауруларын емдеуге арналған бактерияға қарсы препараттар және микробқа қарсы препараттар.
4. D07 Дерматологияда қолданылатын глюкокортикоидтар.
5. D08 Антисептиктер және дезинфекциялау құралдары
6. D11 Басқа дерматологиялық препараттар

"D дерматологиялық препараттар" тобында 81 сауда атауымен тіркелген дәрілік препараттар анықталды (1-сурет).




Сурет 1 - "D дерматологиялық препараттар" тобына тіркелген дәрілік препараттар

Қазақстанның фармацевтикалық нарығындағы отандық күйікке қарсы дәрілік заттар (ДЗ) үлесі 34% (28 СА ДЗ); шетелдік өндірістің ДЗ үлесі 66% (53 СА ДЗ) құрайды. Шетелдік өндірушілер арасында күйікке қарсы ДЗ өндіруде көш бастап тұрған: Украина — 16%; Ресей — 15%; Германия— 8% сәйкесінше жәнетең дәрежеде өндіруші елдер: Венгрия, Франция, Швейцария, Үндістан, Латвия, Польша, Ұлыбритания (2%-дан) және Сербия, Грузия, Түркия, Португалия (1% - дан) ұсынылған. Ұсынылған деректер сурет 2 көрсетілген.




Сурет 2 - ҚР-датіркелгенкүйіккеқарсыпрепараттардыөндірушіелдердіңқұрылымы

Қазақстанда күйікке қарсы ДЗ 12 отандық фармацевтикалық компания мен 39 шетелдік компания өндіреді. Қазақстандық өндірушілер арасында "Фармация 2010" ЖШС (26,9%), "Шаншаров-Фарм" ЖШС (23,07%) және "DOSFARM" ЖШС (11,5%) көш бастап тұр. Шетелдік өндірушілер арасында көшбасшы "Нижфарм" ААҚ (3%) және "Биофарма" ЧАО (2,8%) болып табылады.




Сурет 3 - Күйіккеқарсы ДЗ өндіретін көшбасшыотандықфармацевтикалық компаниялар



Сурет 4 - Отандық фармацевтикалық компаниялар шығаратын дәрілік қалыптар бойынша құрылымы

Күйікке қарсы дәрілік препараттар қатты(таблеткалар, ұнтақтар) — 9,7%, жұмсақ(жағар май, крем, гелдер, линименттер) — 62,3%, сұйық(ерітінділер, инъекциялар) — 20,7% және газ тәрізді(аэрозоль, спрей) – 7,3% дәрілік қалыптармен (ДҚ) ұсынылған. Олардың арасынан жұмсақ ДҚ өндірісі кең таралған және жағар май түріндегі ДЗ алдыңғы қатарда (25,6%).



Сурет 5 – ҚР фармацевтикалық нарығындағы дәрілік қалыптар бойынша күйікке қарсы препараттар

**Қорытынды.** Осылайша, күйікке қарсы дәрілік препараттардың Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығының ассортименті номенклатурасының "Д дерматологиялық препараттар" тобы ұсынған ДЗ жүргізілген контент-талдауы нәтижесінде осы топ сауда атауларының саны бойынша тіркелген дәрілік заттардың жалпы санының 3,9% - ын құрайтындығы және 81 сауда атауларымен тіркелгені анықталды. D тобы 6 топшадан құралған:1. D02 Жұмсартатын және қорғайтын әсері бар препараттар.2. D03 Жаралар мен ойық жараларды емдеуге арналған препараттар. 3. D06 Тері ауруларын емдеуге арналған бактерияға қарсы препараттар және микробқа қарсы препараттар.4. D07 Дерматологияда қолданылатын глюкокортикоидтар.5. D08 Антисептиктер және дезинфекциялау құралдары.6. D11 Басқа дерматологиялық препараттар

Қазақстанда күйікке қарсы ДЗ 12 отандық фармацевтикалық компания мен 39 шетелдік компания өндіредігін анықтадық. Оның ішінде отандық көшбасшы өндіріс орындарын анықтадық, яғни "Фармация 2010" ЖШС (26,9%), "Шаншаров-Фарм" ЖШС (23,07%) және "DOSFARM" ЖШС (11,5%). Шетелдік өндірушілер арасында көшбасшы "Нижфарм" ААҚ (3%) және "Биофарма" ЧАО (2,8%) болып табылады.

Сонымен қатар, күйікке қарсы қолданылатын ДЗ номенклатурасына жүргізілген контент-анализ барысында күйікке қарсы ДЗ қатты — 9,7% (таблеткалар, ұнтақтар), жұмсақ — 62,3% (май, крем, Гелдер, линименттер), сұйық — 20,7% (ерітінділер, инъекциялар) және газ тәрізді – 7,3 % (аэрозоль, спрей) дәрілік қалыптар (ДҚ) құрайтынын анықтадық. Олардың арасынан жұмсақ ДҚ өндірісі кең таралған, олардың арасында жақпа май түріндегі ДЗ алдыңғы қатарда (25,6%)

Осылайша, жүргізілген маркетингтік зерттеу отандық фармацевтік нарықта күйікке қарсы дәрілік препараттардың толық сегменті барын және жүргізілген зерттеулер осы секторда фармацевтикалық нарық бағасы жағынан да, сандық жағынан да екпінді өсу үстінде екендігін, отандық өндірушілермен импортталатын құралдардың орнын басу жағынан да тартымды екендігін көрсетті. Сондықтан да, отандық өнім ассортиментін кеңейту мақсатында күйікке қарсы дәрілік қалыптар алу технологиясын жасау бойынша ізденістер фармацевтикалық технология үшін өте маңызды болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Global Burden of Disease in 2002: data sources, methods and results. [Internet]. 2002 [cited 2012 Oct 21]. Available from: <http://www.who.int/healthinfo/paper54.pdf>
- 2 Зиновьев Е.В. Пути улучшения результатов оказания медицинской помощи при обширных глубоких ожогах населению, проживающему вне региональных административных центров: автореф. дис. ... д-р.мед.наук - Н. Новгород, 2008. - 39 с
- 3 Алексеев А.А., Тюриков Ю.И. Статистические показатели ожоговых стационаров Российской Федерации за 2009 год. [Интернет] URL: <http://www.burn.ru/all/number/show/?id=4335> (Дата обращения 22 октября 2012 года).
- 4 Кичатова Е. Ю. Совершенствование деятельности сестринского персонала ожоговых отделений. автореф. дис. ... канд. мед. наук. Москва. 2004. 24 с.
- 5 Ожоги. Всемирная организация здравоохранения URL: <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs365/ru/> (дата обращения: 01.09.2015).
- 6 Сахаров С.П., Иванов В.И., Шень Н. П., Сучков Д.В. Летальные исходы ожоговой болезни у детей: 18 летний опыт работы // Скорая медицинская помощь. – 2011. - №1. – С. 52-57.
- 7 Сахаров С.П., Сенникова Е.С. Способ лечения и ранней профилактики контрактур у детей после ожоговой травмы // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2013. - №10(3). – С. 510-516.
- 8 Унижаева А.Ю., Мартынич С.А. Медико-экономическая оценка затрат и качества стационарной помощи при ожоговой травме // Социальные аспекты здоровья населения. – 2012. - №28(6). – С. 83-91.
- 9 Государственный реестр

**М.З. Аширов, У.М. Датхаев, Қ.С. Жакипбеков, Н.А. Рахымбаев, Б.Р. Абдрахманова**  
*Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова*

#### МАРКЕТИНГОВЫЙ АНАЛИЗ ПРОТИВООЖГОВЫХ ПРЕПАРАТОВ НА ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОМ РЫНКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Резюме:** Сравнительный анализ рынка противоожоговых лекарственных средств в Казахстане и других странах был сделан с использованием официальных источников информации. В то же время необходимо расширить ассортимент противоожоговых лекарственных средств в Республике Казахстан.  
**Ключевые слова:** фармацевтический рынок, ассортимент лекарственных средств, Государственный реестр, ожог.

**M.Z. Ashirov, U.M. Datkhayev, K.S. Zhakipbekov, N.A. Rahymbaiev, B.R. Abdrahmanova**  
*Asfendiyarov Kazakh National medical university*

#### MARKETING ANALYSIS OF ANTIMICROBIAL DRUGS IN THE PHARMACEUTICAL MARKET OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Resume:** A comparative analysis of the market of anti-burn medicines in Kazakhstan and other countries was made using official sources of information. At the same time, it is necessary to expand the range of anti-burn medicines in the Republic of Kazakhstan.  
**Keywords:** pharmaceutical market, range of medicines, state register, burn